



і бойынша оқыту
масының (Syllabus)
тулдық парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/37

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Гуманитарлық-педагогикалық факультет

Психология және педагогика кафедрасы

«Әлеуметтік кәсіби әкімшілік жұмысының негіздері» пәнінен

5B090500 - «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенттеріне арналған

ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ (Syllabus)

Павлодар



і бойынша оқыту
тамасын (Syllabus)
бекіту парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/38

БЕКІТЕМІН

ГПФ деканы

_____ Ж.Т.Сарбалаев

20__ ж. «__» _____

Құрастырушы: _____ аға оқытушы Таженова Г.Б.

Психология және педагогика кафедрасы

5B090500 - «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының студенттеріне арналған

**«Әлеуметтік кәсіби әкімшілік жұмысының негіздері»
пәні бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)**

Бағдарлама «__» _____ 20__ ж. бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының негізінде
әзірленген.

20__ ж. «__» _____ кафедра отырысында ұсынылған №__ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Е.И.Бурдина 20__ ж. «__» _____

Факультет оқу-әдістемелік кеңесімен құпталған _____
20__ ж. «__» _____ №__ хаттама

ОӘК төрағасы _____ Е.Н.Жуманкулова 20__ ж. «__» _____

1 Оқытушы туралы мәліметтер және байланысу ақпараттары

Психология және педагогика кафедрасының аға оқытушысы Таженова Г.Б.

Психология және педагогика кафедрасы Ломов көшесі, 64 мекенжайындағы «А» корпусында, 149-аудиторияда орналасқан. Байланысу телефоны – 87182673685 (1139).

2 Пән туралы мәліметтер

Пәннің мазмұны 5В090500 – Әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартындағы білім берудің ең аз мөлшеріне сәйкес құрастырылды. Онда болашақ маманға қажетті педагогикалық менеджмент ауқымындағы білім, білік, дағдылардың ең аз мөлшері қамтылды.

3 Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттар саны	Аудиториялық сабақ түрлері бойынша қарым-қатынас сағаттарының саны					Студенттің өздік жұмысының сағат саны		Бақылау нысаны
		барлығы	Дәріс	практика	Зертханалық	студиялық	жеке	барлығы	
3	3	135	6				117	117	емтихан
4			6	6					

4 Пәннің мақсаты және тапсырмасы

Пәннің мақсаты: әлеуметтік жұмысындағы әкімшіліктің теориялық мәселелері және тәжірибелік басқару негіздерін зерттеу.

Пәннің міндеттері:

- студенттерге басқару және әкімшілік жұмысы туралы теориялық білімді меңгеру үшін көмек көрсету;
- студенттердің тәжірибелік іс-әрекетінде басқару және әкімшілік технологияларды жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру;
- болашақ басқару мамандарда этикалық, адамгершілік, азаматтылық қасиеттерді қалыптастыру.

5 Білімге, икемділікке және машықтарға қойылатын талаптар

Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі тиіс:

- менеджменттің негізінде қазіргі басқару процесін;
- басқарудың тиімділігіне ықпал ету жолдарын;
- менеджері іс-әрекетінің теориялық негіздерін;
- менеджменттің негізінде басқару принциптерін;
- басқарудың тәжірибелік негіздерін.

Пәнді оқу нәтижесінде студент мынадай біліктер мен дағдыларға ие болуы тиіс:

- басқару технологиялар негізінде халықтың әртүрлі топтарына әлеуметтік көмек көрсету,
- халықтың әртүрлі топтарымен әлеуметтік жұмысына басқару технологияларды еңгізу мәселелрін талдау және зерттеу **практикалық машықтары** қалыптасуы қажет.

- басқару технологияларды құрастыру,
- басқару технологияларды практикалық іс-әрекетіне еңгізу практикалық дағдылары және құзыреттілігі қалыптасуы қажет.

6 Пререквизиттер

Осы пәнді меңгеру үшін төмендегі пәндерді меңгеру кезінде алынған білім, икемділік және машықтар қажет: «Жалпы және әлеуметтік психология», «Мамандыққа кіріспе», «Халық денсаулығын қорғаудың медициналық-әлеуметтік негіздері», «Әлеуметтік жұмыстың тарихы мен теориясы», «Әлеуметтік жұмыстың қәсіби-этикалық негіздері», «Әлеуметтік жұмыстың технологиялары мен әдістері», «Әлеуметтік маркетинг пен менеджмент негіздері».

7 Постреквизиттер

Пәнді меңгеру кезінде алынған білім, икемділік және машықтар келесі пәндерді меңгеру үшін қажет: «Әлеуметтік қызметтегі стандарттар мен мониторинг», «Әлеуметтік жұмыстағы болжау мен жобалау», өндірістік тәжірибе.

8 Тақырыптық жоспар

№	Тақырыптардың атауы	Сабақ түрлері бойынша қарым-қатынастық сағаттар саны		
		Д	Т	СӨЖ
1	2	3	4	5
1	Ғылыми теория ретінде менеджменттің қалыптасуы	2		11
2	Басқаруға негізгі көзқарастары	2		11
3	Әлеуметтік жұмыс менеджері іс-әрекетінің теориялық негіздері.	2		11
4	Әлеуметтік жұмысында басқару принциптері.	2		12
5	Ұйым әлеуметтік жүйе ретінде		1	12
6	Әлеуметтік жұмысында ұйымдастыру қызметі.		1	12
7	Басқарудың негізгі функциялары (қызметтері)	2	1	12
8	Әкімшілік жұмыс барысында қарым-қатынас үдерісі		2	12
9	Басқару шешімін қабылдау технологиясы		1	12
10	Басқару әдістері	2		12
Барлығы - 135		12	6	117

9 Пәннің қысқаша сипаттамасы

«Әлеуметтік кәсіби әкімшілік жұмысының негіздері» пәнінің негізгі мақсаты менеджменттің әлеуметтік жұмыс негіздерін түсіндіру және қазіргі әлеуметтік жұмыс басқарудың тәжірибесіне ендірудің жолдарын анықтау. Болашақ мамандарға басқару жайлы білім, білік, дағдылармен қаруландырудың қазіргі нарықтық жағдайда маңызы өте зор.

Пәннің мазмұны 5B090500 - «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандартындағы білім берудің ең аз мөлшеріне сәйкес құрастырылды. Онда болашақ маманға қажетті менеджмент ауқымындағы білім, білік, дағдылардың ең аз мөлшері қамтылды. Бұл курстың алдында «Жалпы және әлеуметтік психология», «Мамандыққа кіріспе», «Халық денсаулығын қорғаудың медициналық-әлеуметтік негіздері», «Әлеуметтік жұмыстың тарихы мен теориясы», «Әлеуметтік жұмыстың кәсіби-этикалық негіздері», «Әлеуметтік жұмыстың технологиялары мен әдістері», «Әлеуметтік маркетинг пен менеджмент негіздері» сияқты пәндер оқытылады.

Курста көтеріліп отырған теориялық мәселе менеджмент және қазіргі әлеуметтік аумағын басқару мәселелерімен студенттің алған білімдерін мамандық талаптарына сай толықтыра түседі.

Пәні маман дайындаудың психологиялық, әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтың кәсіби пәндерімен тығыз байланыста оқытылады.

10 Курс компоненттері

Теориялық курстың мазмұны

1-тақырып. Ғылыми теория ретінде менеджменттің қалыптасуы.

Менеджменттің қалыптасып дамуының тарихы. Менеджмент жайлы ғалымдардың еңбектеріне шолу. Менеджмент ұғымы. Әлеуметтік жұмысында менеджмент жайлы түсінік. Менеджерлік қызметтің мәні мен мазмұны.

2-тақырып. Басқаруға негізгі көзқарастары

Басқару теориясында қалыптасқан түрлі ұстамдар тұрғысынан білім беру процесін басқарудың логикасы. Басқару тұрғылары: функционалдық, жүйелік, жағдаяттылық, оңтайландыру және зерттеушілік. Білім беру процесіне бағдарлана отырып мектеп басқаруға қараудың тұрғылары: адами орталықтандырылған тұрғыдан қарау (Р.Х.Шакуров, Т.И.Шамова, Н.В.Немова), мотивациялық тұрғыдан қарау (В.С.Лазарев, Л.М.Перминова, И.К.Шалаев). Олардың негізгі ережелері.

3-тақырып. Әлеуметтік жұмыс менеджері іс-әрекетінің теориялық негіздері.

Әлеуметтік жұмыс менеджері іс-әрекетінің жүйелік-функционалдық моделі. Құзырлылық түрлері: ықпалдастық, эмоционалдық, перцептивтік, тұжырымдамалық, жүріс-тұрыстық. Әлеуметтік жұмыс менеджерінің тәжірибелік іс-әрекетіндегі құзырлылық түрлерінің дербес және біркелкі емес көрінісі. Н.В.Кузьмина (гностикалық, жобалық, құрылымдық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік), Ю.А.Конаржевский (талдау, жоспарлау, бақылау, ұйымдастыру, реттеу), В.А.Якунин (идеяларды құрау, болжау хабарламасын жинау, шешім қабылдау, орындалуын тексеру, коммуникация, нәтижені бақылау және бағалау, түзету) бойынша әлеуметтік жұмыс менеджерінің атқаратын қызметтері. Менеджерліктің тиімділігін анықтауды әр тұрғыдан қарау.

4-тақырып. Әлеуметтік жұмысында басқару принциптері.

Менеджмент адамдардың ынтымақтастығы ретінде. Менеджмент ортақ мақсатқа жетудегі адамдардың күш-жігерін дұрыс бағыттау. Менеджмент адамдармен қарым-қатынастың тәсілі. Менеджменттегі адамдар арасындағы қарым-қатынасы. Менеджменттегі ақпараттың берілуі. Менеджменттегі

әлеуметтік әділеттілік. Адамға жеке тұрғыдан қарау принципі. Тұлғалық ынталандыру принципі. Кәсіптік деңгейді дамыту принципі. Келісім негізінде ұжымдық шешім қабылдау принципі. Әлеуметтік жұмыскердің басқаруға қатынасу принципі және мақсатты үйлесімділік принципі.

5-тақырып. Басқарудың негізгі функциялары (қызметтері)

Басқару іс-әрекет ретінде. Басқару - бір жүйенің екінші жүйеге әсері. Басқару - субъекттердің өзара әсері. Білім беру мекемелерін басқарудың мәні.

Білім беруді басқару жөніндегі ғылымды дамыту. Басқару деңгейлері. Басқару жұмысы (жоспарлау, ұйымдастыру, себеп-түрткі жүйесі, бақылау, стратегия, стратегиялық басқару, шешім қабылдау, басқару) әдістері. Басқару субъектінің басқару іс-әрекетінің барлық түрлерін жүзеге асыруға даярлығы - талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және т.б.

6-тақырып. Басқару әдістері

Қазіргі әлеуметтік жүйесін басқару үдерісі. Әлеуметтік жұмысында менеджмент қызметтерінің мәні мен мазмұны. Қазіргі басқару әдістері. Басқарудың әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтанушылық әдістері.

Практикалық сабақтардың тізімі және мазмұны

1-тақырып. Ұйым әлеуметтік жүйе ретінде

Мекемені басқару. Ұйымдар әлеуметтік жүйе ретінде: ашық, жабық, қарапайым, күрделі. Ұйымдар түрлері. Формалды және формалды емес ұйымдар. Ұйымдардың жалпы сипаттамалары. Ұйымдардың ішкі көрсеткіштері. Мақсат-міндеттері, құрылымы, технологиялар, еңбек ресурстары. Ұйымды стратегиялық басқару механизмі.

2-тақырып. Әлеуметтік жұмысында ұйымдастыру қызметі.

Басқару іс-әрекеті жүйе ретінде (жоспарлау, ұйымдастыру, себеп-түрткілер жүйесі, бақылау, стратегия, стратегиялық басқару, шешім қабылдау, басқару әдістері). Ұйымдастыру басқару қызметі ретінде.

3-тақырып. Басқарудың негізгі функциялары (қызметтері) Қазіргі басқарудың қызметтері. Әлеуметтік жұмысты тұрақты қызмет етуін қамтуды басқару, инновациялық үдерістерді дамытуды басқару, әлеуметтік жұмыстың әкімшілігін өздігінен дамуын басқару қызметтері. Әлеуметтік жұмыс барысында мониторинг. Басқарудағы жоспарлау қызметі. Басқару диагностикасының негізгі ерекшеліктері. Басқаруды талдау. Басқару субъектісінің басқару қызметінің барлық түрлерін (талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және т.б.) іске асыруға даярлығы. Басқарудағы бақылау. Даму стратегиясы түсінігі.

4-тақырып. Әкімшілік жұмыс барысында қарым-қатынас үдерісі

Біріккен ұжымды қалыптастыру - менеджменттің негізгі мақсаты. Басқару субъектілердің өзара әрекеттесуі іспетті. Әлеуметтік мекемелерін басқарудың мәні. Басқару деңгейлері. Басқарудың демократиялылығы. Ұжымды үздіксіз қолдап отыру. Менеджерлер іс-әрекеті тиімділігінің критерийлері: тұлғалық, жағдаяттық, ықпалдастық (интегративтік), көпдеңгейлілік, кешенділік.

5-тақырып. Басқару шешімін қабылдау технологиясы

Басқару іс-әрекет ретінде. Басқару бір жүйенің екінші жүйеге ықпал етуі ретінде. Шешімді қабылдау үдерісі түсінігі. Мәселелер мен шешімдерді жіктеу. Басқару шешімін қабылдау технологиясы. Басқару шешімін қабылдауға келу тұрғылары. Шешім қабылдау үдерісіндегі басшының рөлі. Шешімді қабылдау технологиясының әмбебаптығы мәселесі.

Студенттің өздік жұмысының мазмұны СӨЖ түрлерінің тізімі

№	СӨЖ түрі	Есеп беру формасы	Бақылау түрі	Сағат көлемі
1	Дәрістерге дайындалу		Дәріске қатысу	25
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу, үй тапсырмаларын орындау	Жұмыс дәптері, конспект	Семинар мен тәжірибелік сабақтағы жұмысы	30
3	Курстың қосымша тақырыптарын зерделеу. Әдеби көздерді талдау. Глоссарий құру. Ғылыми баяндама жасауға дайындалу	Конспект, глоссарий, баяндама	Қорғау, есеп	30
4	Бақылау шараларына дайындалу		МБ1, МБ2, емтихан	32
Барлығы				117

Студенттердің өздігінен оқуына бөлінген тақырыптардың тізімі

1. Қазіргі жағдайда менеджментті дамытудың қажеттігі.
2. Менеджменттің міндеттері.
3. Менеджер – әлеуметтік жұмысты жүргізуін ұйымдастырушы.
4. Маркетинг негіздері.
5. Басқарудың әлеуметтік-психологиялық, этностық-мәдениеттік әдістері.
6. Тұлғаға сенім.
7. Қатынасушылар бірлігінің ерекше белгілері.
8. Менеджердің жаңа ғылыми ойлауы.
9. Әлеуметтік жұмыстағы басқарудың тұжырымдамасы.
10. Қазіргі кездегі әлеуметтік жүйелер басқарудың әдіснамалық негіздері, заңдылықтары және принциптері.
11. Менеджменттің әдіснамалық негізі.
12. Проблемалық-функционалдық басқару.
13. Әлеуметтік жұмысына әкімшілік және басқару технологияларды еңгізу және оларды жүзеге асыру ерекшеліктері
14. Халықтың әртүрлі топтарына қызмет көрсету сапасының мониторингі және осы мәселелерді шешудің жолдары.

11 Курс саясаты

Оқытушы мен студенттердің академиялық этикасының саясаты университеттің ішкі тәртібінің ережелеріне сәйкес болуы тиіс. Оқу процесіне белсенді түрде қатысу қажет. Оқу материалы бойынша сұрақтар қою, тиянақты жауаптар беру және өзіндік көзқарастарды таныту өте маңызды. Оқытушы мен курстастарды сыйлау керек. Оқытушы сөйлегенде, дауыстап әңгімелесуге болмайды, екінші ескертуден соң студент аудиториядан шығарылады. Сабақтарды орынды себепсіз босатуға тыйым салынады. Әрбір себеп анықтамамен расталуы қажет. Студент босатқан сабақтарының орнын оқытушының анықтаған уақытында толықтыруы тиіс. 10 минуттан артық кешіккен студент сабаққа жіберілмейді. Сабаққа кешігудің немесе келмеудің себептерін алдын-ала ескерткен жөн. Үй тапсырмасын және басқа жазба жұмыстарды дер кезінде тапсыру қажет. Бақылау жұмысын, тестті, емтиханды тапсыруда көшіруге жол берілмейді. Оқытушының консультациясына қатысу міндетті. Сабақ барысында ұялы телефондар сөндірілген қалыпта болуы талап етіледі.

Оқу процесіне қатысу дегеніміз – сабаққа қатысу, пікірталаста және топ жұмысында белсенділік көрсету, топтастарының оқуына әсер ету. Сабаққа 100 пайыз қатысып, берілген тапсырмаларды уақытымен және дұрыс орындаса – ең жоғарғы 100 балл қойылады. Курсты меңгеру барысында балдар былай бөлінеді:

- дәріске қатысу – 1 балл, конспектің бар болуы – 1 балл;
- тәжірибелік сабаққа қатысу – 1 балл, тәжірибелік жұмысты орындау – 5 балл (оның ішінде үй тапсырмасын орындау -3 балл, сұрақтарға жауап беру, жаттығу жұмыстарын орындау, тақырып бойынша талдау жасау - 2 балл).

Ағымдық бақылау студенттердің өзіндік жұмыстарын қорғауы барысында іске асырылады. Бағалау кезінде төмендегі көрсеткіштер ескеріледі:

- материалды толық меңгеру - 10 (екінші рейтинг кезеңінде - 13) балл;
- сұрақтарға жауап бере алу – 4 (5) балл;
- материалдың мазмұндалуына шығармашылық көзқарас және өз ойын айта білу – 3 балл;
- грамматикалық және стилистикалық сауаттылық - 1 балл.

Айып балы білімді бағалаудың жүйесіне орай белгіленеді.

Мәселен, дәрісті орынды себепсіз босату үшін 2 балл шегеріледі (-2); дәрістің шала конспектіленгені үшін жарты балл кемітіледі (-0,5); тәжірибелік сабақтарда белсенділік танытпай, немқұрайды қатынасу ең кем дегенде жарты балды шегерумен (-0,5) жазаланады.

Межелік бақылау пәннің тиесілі кезеңде өтілген тақырыптары бойынша сынақ немесе коллоквиум түрінде ұйымдастырылады. Межелік бақылауда келесі критерийлер ескеріледі:

Толық дұрыс жауап 100 балмен бағаланады, оның ішінде:

100–90 балл – тиянақты, дәйекті, байланысты, толыққанды жауап; балдардың шегерілуі жауаптың мәнін және дұрыстығын бұзбайтын кемшіліктердің кездесуімен байланысты;

89-75 балл – материалды толық игергендігі, мәселе бойынша әдебиеттерді білетіндігі көрінетін және қосымша сұрақтардың қажеттігінсіз берілген жауапқа қойылады;

74-50 балл – студент тек негізгі материалды біледі, мәселе бойынша әдебиеттерді шатастырады, қойылған қосымша сұрақтарға жеткіліксіз жауаптар қайырады;

49-0 балл – студент толық және дұрыс жауап беруге қауқарсыз, қосымша сұрақтар оған көмектеспейді, мәселе бойынша әдебиеттер қарастырмаған.

Қорытынды бақылау. Курс пән бойынша емтихан тапсырумен аяқталады. Бақылау үстінде көшіріп жазуға тыйым салынады.

Курстың ақтық бағасы бұған дейінгі жинақталған барлық балдарды ескеру арқылы қойылады.

Пән бойынша рейтингті есептеу әдісі

Пән бойынша әрбір рейтинг мына формула бойынша анықталады:

$$P_{1,2} = AY * 0,7 + MB * 0,3,$$

мұндағы P_1 , P_2 , AY – бірінші, екінші рейтингтің, ағымды үлгерімнің балдары.

Екі рейтингтің орташа арифметикалық көрсеткіші негізінде емтиханға жіберілу рейтингі белгіленеді:

$$ЖР = (P_1 + P_2) / 2,$$

мұндағы $ЖР$ – студенттің емтиханға жіберілу рейтингі.

Қорытынды рейтинг төмендегі формула арқылы анықталады:

$$ҚР = ЖР * 0,6 + ҚБ * 0,4,$$

мұндағы $ҚР$ – қорытынды рейтинг, $ҚБ$ – қорытынды емтиханның балл түріндегі бағасы.

Табыс тілейміз!

12 Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Ақылбекова А. Білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарының мазмұны мен негізгі бағыттары. - Алматы, 2006.

2. Баймолдаев Т.М. Мектепшілік басқаруды ұйымдастыру құрылымы. - Алматы, 2005.

3. Дидактические проблемы в управленческой деятельности директора школы. - М.: Сентябрь, 2005.

4. Как управлять педагогическим коллективом развивающейся школы: (практическое пособие для директора школы). - М.: Сентябрь, 2004.

5. Оценка качества образовательной деятельности школ и создание программ их развития. - М.: Сентябрь, 2004.

Қосымша:

1. Мектеп басшыларына арналған көмекші құрал. – Алматы, 2003.

2. Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой. - Алматы, 2001.

3. Баймолдаев Т.М. Менеджмент - басқару тәсілі. - Алматы, 2001.
4. Зубов Н. Как руководить педагогами: Пособие для руководителей образовательных учреждений. - М.: АРКТИ, 2003.
5. Лукпанов Г. Внедрение науки как основа развития современной школы. - Алматы, 2000.
6. Моисеев А. М. Качество управления школой: каким оно должно быть. - М.: Сентябрь, 2001.
7. Сергеева В.П. Управление образовательными системами: Программно-методическое пособие . - 4-е изд. - М.: ЦГЛ, 2002.
8. Терентьев В. К. Истины управления: взгляд на основы менеджмента. - М.: Сентябрь, 2002.
9. Третьяков П.И. Школа: управление по результатам: Практика педагогического менеджмента. - М.: Новая школа, 2001.
10. Управление образовательными системами: учебное пособие для студ. пед. спец. вузов. - М.; Ростов-н/Д, 2003.
11. Фишман Л. И., Фишман И.С. Управление и руководство школой: алгебра и гармония. - М.: Сентябрь, 2001.